



Ақжайық ауданындағы Ақжол ауылдық округі. Аудан орталығы – Чапаев селосынан оңтүстікке қарай 45 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,6 мың. Округ аумағында Қабыл (Прогресс), Битілеу, (Кардон), Тінәлі (Екінші) ауылдары және Ілбишінде 41 шаруа қожалығы мен 1 серіктестік 1 орта, 3 негізгі мектеп, мәдениет үйі мен клуб, 4 кітапхана, 3 дәрігерлік пункт, дәрігерлік амбулатория, ондаған сауда нүктелері жұмыс жасайды. Сондай -ақ «Сахарный» мұнай жылыту станциясы жұмыс істейді.

Ақжол ауылдық кітапханасы.

*Ақжол ауылдық кітапханасы
Мәдениет үйі ғимаратының
48 кв.м көлеміне орналасқан*

1930 жылдарда аудандық білім беру бөлімінің қарауында ауылда



кітапхана ашылды. Ол кезде кітапханалар «оқырман отауы» болып аталған болатын. Ең бірінші 296 кітап қорымен кітапхана ашылды. «Қызыл отау» жұмысы әр бригада мен жайлаудағы малшыларды аралап, оларға әдебиеттер таратып, жаңадан түскен баспа басылымдармен таныстырып отырған. Кітапхананың негізгі жұмыстарымен қатар

шопандардың, егіншілердің Социалистік міндеттемелерін орындау бағытындағы көрсеткіштерін, үндеу, жар қағаздарын шығарып отырды.

1950 жылдарда кітап қоры 2900 данаға жетті.

1954 жылы Ілбишін ет совхозының директорының қатынас қағазы негізінде Ілбишін ауылындағы кітапхана меңгерушісі қызметіне **М.А.Фолдин** қабылданған. (мәдениет бөлімінің 1954 жылғы 20 мамырдағы № 34 бұйрығында)



1969 жылдан Ілбишін кітапханасының кітапханашысы болып **Омарғалиев Сиғуат** ағай жұмыс істеді. Мәдениет бөлімінің қарауында болған

кітапханалар жұмысын жүйелеу бағытында 1978 жылдары орталықтандырылған кітапханалар жүйесі болып ұйымдастырылды. Сигуат Омарғалиев осы филиалдың меңгерушісі болып тағайындалды. Ағай аудан, облыс көлемінде белгілі мәдениет қызметкерлерінің бірі. Ол басқарған бөлімшедегі кітапхана ұзақ жылдар бойы «Озат кітапхана» атағына ие болып келді. Кітапханашы кітаптарды әр сала бойынша жинастырып, жаңадан келіп түскен кітаптардың көрмесін ұйымдастырып отырған. С.Омарғалиев *(Исмағұлова М.Награда 35 жылдан кейін.// Еңбек.-11 март.-1980.-б.3*



ауыл шаруашылық тақырыбындағы кітаптардың оқылуын үнемі қадағалап отырды, оқу залында механизаторлар мен шоферларға, шопандар мен мал бақташыларына, мамандарға арналған кітап сөрелерін ұйымдастырған. Сонымен қатар көпшілік шаралар ұйымдастыруда В.И.Лениннің еңбектерін насихаттауда Лениндік оқулар кезінде кітапханада «Ленин жаңа дүниені құрушы» деген тақырыпта оқырман конференциясы болып өтті. *(Умарғалиев С. Читательская конференция //Труд.-1979.-б.3)* Конференция жұмысына еңбек адамдары, ауыл интеллигенттері – барлығы 283 адам қатысты.

В.И.Лениннің



граммпластинкаға жазылған «Совет өкіметі деген не?» деп аталатын сөзі тыңдалды. Кітапханада СССР - дің 50-жылдығына байланысты жүйелі жоспары және оны жүзеге асыру үстінде осы даңқты дата құрметіне кітап көрмесін, фотомонтаж жасақтады. Сонымен қатар



түрлі мерекелерге, ақын-жазушылардың даталары күндеріне тиісті әртүрлі шаралар өткізе отырып оқырмандарды кітапханаға көптеп тарта білген. Әр кеш сайын кітапханаға ауыл тұрғындары көптеп келетін. С.Омарғалиев

басқаратын Ілбішін кітапханасы - ауданымыздағы жақсы кітапханалардың бірі. Меңгеруші өзінің барлық білімін, күш-жігерін сүйікті ісіне, халыққа адал қызмет етуге жұмсаған. С.Омарғалиев үнемі тек



кітапханада отыруды әдет еткен емес. Ол қажет әдебиеттерді, жаңа газет-журналдарды алып, механизаторлар мен

малшыларға аттанады. (1.Убанов Х. Үздік кітапхана // Социалистік Қазақстан.-1975.-20сентябрь.-б.3 2.Әдиева А.Әрдайым көпшілік арасында // Социалистік Қазақстан.-1975.-2 қазан.-б.2 Кітапханашы әрдайым күнделікті істің ортасында, кітапты адам тәрбиелеудің күшті құралы екендігін, оның адамды жақсы өмір сүруге, үлгілі еңбек етуге үйрететін және қателерден сақтандырып, өмірді танып білуде қуаныш сыйлайтындығын өзінің әр оқырманына жеткізе білді. Өзінің сапалы өмірін халыққа аса қажетті қызметке арнап келе жатқан С.Омарғалиевты СССР Мәдениет министірлігі «Үздік жұмысы үшін» белгісімен марапатталды. Бұл оның еңбегіне берілген үлкен баға.

Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, кітапхана жұмысын үлгілі жолға қойып, бұқараның ең сүйікті орнына айналдыруға бар күш-жігерін аямай жұмсап келді.

Ол мәдениет министірінің «Үздік қызметі үшін» белгісімен наградталған. Әрқашанда зор құрметке бөленіп жүрген Сигуат Омарғалиев алыстағы пішеншілер мен малшылар ауылын жиі аралап, өздері қалаған кітап, журналдармен қамтамасыз етіп отыруды әдетке айналдырған. Ол басқарған кітапханада жалпы кітап қоры он мың данаға жуықтай. Ал оны алып оқушылар саны төрт жүзден асады.

Мұнда көшпелі кітапхана жұмыс істеген.

Ол бригадалар мен жайлаудағы малшыларды аралап, оларға әдебиеттер апарып беретін. 1979 жылы жылдық есептің қортындысы бойынша С.Омарғалиев мақтау қағазымен марапатталды. Кітапхана жұмысын жетілдіру бағытында аудан бойынша жұмыстанып жатырған әріпнамалық, жүйелік каталог ұйымдастыру бойынша Сигуат ағай кітапханашылардың алды болып жұмысын ұйымдастыра білді.



1960-1980 жылдары ауданның білім, денсаулық, мәдениет салалары қарыштап дамып, типтік үлгідегі мектеп, мәдениет үйлері кітапхана бөлмелерімен бой көтере бастады. Сондай даму қарқынымен Ілбішін ауылында да Мәдениет үйі бой көтерді.

1980-1985 жылдарында Ауыл шаруашылық өнімдерін көбейтуде жердің милиорациялаудың ұзақ мерзімді программасын жүзеге асыруда атап айтсақ «СССР дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986-1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі бағыттарының жобасына» байланысты ауыл шаруашылық, агроөнеркәсіптік мамандарының қатысуымен көптеген шаралар оздырылды. Істеліп жатқан игі істер мен көтеріліп отырған проблемалар туралы жазылған әдебиеттерді, мерзімді

баспасөз басылымдармен таныстырып отыру жұмыстарын ұйымдастыру кітапханашының бірден-бір негізгі міндетіне айналды.

Оқырмандарды патриоттық рухта тарбиелеу, адамгершілік, кішіпейілділікке үйрету мақсатында «Тың» игерудің 30 жылдығына Л.И.Брежневтың «Кіші жер», «Қайта өрлеу», «Тың» естеліктерін оқырман қауымға насихаттауда кітапханада айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Ақжол ауылдық кітапханасында Сиғуат ағайдың ұйымдастыруымен заман ағымына қарай әр түрлі бағытта көпшілік шаралар оздырылып отырды. КПСС орталық комитетінің пленумдарына орай көрмелер ұйымдастырылып, папка жинақталып, насихатшылар мен үгітшілерге арналған көмекші құралдар дайындалды. Осы бағытта «КПСС XXVI съезінің шешімдерін жүзеге асырайық!», «Қазақстан жаңа бесжылдықта» тақырыбында түрлі шаралар өткізілді. Сонымен қатар, комсомолдың туған күніне орай оқушылар, жастар, комсомолдармен бірлесе өткізген «Қызықты жарқын өмір сүрейік», «Мен комсомолмын» тағы да басқа тақырыптардағы шаралар жылма жылғы дәстүрге айналды.

1992 жылы Омарғалиев Сиғуат ағай зейнеткерлік жасқа жетіп өз ісін жалғастыруға жас маман **А.Жиенбаеваға** тапсырды. Айгүл Жиенбаева қызмет бастаған жылдары Тәуелсіздік алып, Егеменді ел болуымызбен тұспа-тұс келуіне байланысты елдігімізді насихаттау бағытындағы жұмыстарға ден қойды. Мысалы: Елбасының Жолдауына байланысты, жасөспірімдерге салауатты өмір салтын насихаттауда көпшілік шаралар түрлерін жаңа тәсілдерімен ұйымдастырып келеді. Орталық кітапханаға қарайтын Қабыл, Битілеу, Тінәлі кішігірім кітапханаларға әдістемелік көмек көрсетіп, ұсынылатын әдебиетер тізімін дайындап таратып отырды. Сонымен қатар кітапханада

«Жас қалам» атты оқырман отауын ұйымдастырып, жоспарын құрып, отаудың мақсатына сай шығармашыл оқырмандармен көпшілік шаралар ұйымдастырып, жұмысын жалғастырып келеді. (суретте)



Битілеу ауылдық кітапханасы.

*Битілеу ауылдық кітапханасы
мектеп ғимаратының
26 кв.м көлеміне орналасқан*

Жайық өзенінің жағалауымен күнгей бағытта жылжи қоныстанып, кейін берік және біржола биіктеп алған алғашқы ресейліктер қырдағы халықпен алдын-ала келісімсіз өтуге рұқсат етілмейтін шекара, тосқауыл бекеті іспеттес аражігін (Кардон) белгілейді. Қазіргі Битілеу ауылының іргесі о баста осы мақсатта қаланып Кардон атаныпты. Ілбішін ауылынан 35 км жерде Битілеу әулиенің бейті болған. Жергілікті халық әулие бейтін қастерлеп, келушілерге арнап басына шағын үй салдырған міне сондықтан да осы жерді жаңа атау бойынша әулиенің құрметіне Битілеу атаған.

1974-1976 жылдары Мәдениет үй жанынан автоклуб меңгерушілеріне жүктелген тұрғын халыққа рухани нәр беруде, елдегі сауатсыздықты болдырмау бағытында «Қызыл бұрыш» жұмыс істеді бұнда кітапханашы қызметін **Ахметжанова Қалампыр** атқарды.

1976-1980 жылдар арасында **Мүтиева Нуржамал Майрамбайқызы** кітапханашы болып жұмыс істеді. Бұл кездегі жұмыс түрі шалғай нүктелерге кино көрсетіп, мерзімді басылымдар беттеріндегі жаңалықтармен таныстырып, оқуға көркем әдебиеттерді таратып отырды. 1980 жылдың 1 қыркүйегінде халық шаруашылық жоспарына сай Чапаев ауылындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне Кардон ауылдық филиалы болып ашылды. Кітап қорына Бударин аудандық кітапхана қорынан жинақталған дублетті 2000 дана кітаптар берілді. Кітапханашы болып **Елекенова С.** жұмысқа кірісті. Алыстағы малшыларға, егіншілерге агитбригадалар шығып түрлі үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырды. 1990 жылдан бастап 4200 кітап қорымен Битілеу ауылының кітапханасында кітапханашы болып Жубаева Б жұмыс істеуде. Кітапханада «Ертегілер елінде», «Мерей той иелері», «Ана тілім армысың» атты көрмелер жасақталған. Кітапхана мектеппен бірігіп көптеген шаралар өткізіп тұрады. Кітапханада 200 оқырман, соның ішінде 60 балалар. Жубаева Б – Оралда Дәулеткерей атындағы университетінің кітапхана бөлімін сырттай оқып жатыр.

Қабыл ауылдық кітапханасы.

Қабыл ауылдық кітапханасы
 клуб ғимаратының
 43 кв.м көлеміне орналасқан.

Прогресс ауылы аудан орталығынан оңтүстік шығысқа қарай Жайық өзенінің оң жағасында орналасқан. Қабыл ауылының кітапханасында алғашқы кітапханашы болып **Нәсіпқалиева Қ** 1967-1978 жылдары жұмыс істеп оқырман арасында жоғары дәрежеде өз мамандығын көрсетті. Кітапханада сол жылдары үкімет жарлықтарын, шыққан заңдарды насихаттап көрмелер жасақтап малшылар арасында үгіт-насихат жұмыстар жүргізіп, түрлі көпшілік шаралар ұйымдастырды. Ауыл тұрғындарына кітапханалық насихат жұмыстарын ұйымдастырып, ауылдың рухани, мәдени, тұрмысын көтеруге кітапханашылар **Конурова Б, Төлегенова М., Сисенова Қ., Қошанова Ш., Елекенов С.** өз үлестерін қосты.

1999-2001 жыл аралығында кітапхана жабылып қалып киномеханик **А.Муберекова** кітапхананы таратпай кітап қорын сақтап, өз еркімен Қабыл ауылының кітапханашысы қызметін мойнына алып, ауыл тұрғындарына, шалғайдағы нүктелерге кино көрсетумен қатар үгіт-насихат, әдебиеттерді насихаттау жұмыстарын жүргізіп отырды.

Қазақстан Республика Президентінің – «2000 жыл Мәдениетті қолдау жылы» Жарлығына орай аудан халқына мәдени қызмет көрсетуді жақсарту, рухани қажетін өтеу мақсатында: «ҚР жергілікті өкілді және атқарушы органдар» Заңының 46 бабын басшылыққа алып, ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша Ақжайық ауданы әкімі А.Б.Сәтбаевтың 2000 жылдың 13 қыркүйегінде № 174 шешімімен Қабыл ауылдық кітапханасы ашылды. Кітапхана ауыл клубының бір бөлмесінде орналасқан.

Муберекова Сая кітапхананы 2800 кітап қорымен қабылдап алып, жұмысын жалғастыруда. Оқырмандар арасында түрлі көпшілік шаралар: әңгімелер, сайыстар, көрмелерге шолулар жие өткізіп тұрады. Сонымен қатар Саяның ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты мектеп пен, клубпен бірігіп көптеген шаралар өткізіп, концерттерге қатысып әзіл-сықақ, скетчтер оқып, қойылымдарға қатысады.



Тінәлі ауылдық кітапханасы.

Тінәлі ауылдық кітапханасы
ОКЖ-нің баланстық есебіндегі
кітапхана ғимаратында орналасқан.
Жалпы көлемі- 25кв.

1967 жылдары №2 Қарша ауылында кітапхана «Оқу үйі» болып ашылды. Алғашқы ашылған кезде кітапханашы болып **А.Есенжанова** жұмыс істеді.


Ауыл тұрғындарының негізгі кәсібі егін, мал шаруашылығы болғандықтан алыстағы шопандарға, малшыларға газет-журналдар апарып, «Социалистік өмір салты», «Партияның бағыты- жасампаздық бағыты» кітап көрмелер ұйымдастырып Компартия және съезд материалдарымен таныстырып отырған. Лениндік теория мен коммунистік құрылыстың проблемаларына ерекше көңіл аударып, тақырыптық сөрелер, кітап көрмелерін ұйымдастырып «В.И.Ленин и коммунистическое воспитание молодежи» атты үздік рефератқа сайыс оздырды. (суретте)

Кітапханада түрлі тақырыпта әңгімелер өткізіп жас оқырмандарға дауыстап оқу жұмыстарын өткізді. Жастарды еңбек, даңк өнегесінде тәрбиелеу, олардың отаншылдық сезімін оятып, азаматтық дербестігін және жауапкершілігін қалыптастыруда



жұмыстың жаңа түрі болып саналатын ашық кітап қорын, жаңа әдебиеттерді көпшіліктің қарауына беру, лениндік оқулар, шаралар, еңбек даңқына арналған кештер, диспуттар, еңбек жеңімпаздарымен кездесу кеші сияқты шараларды ұйымдастыру кітапханашының негізгі міндеті болды.

1973-1986 жылы **Г.Ихсанова** жасады. Кітапханашы өлкетану жұмысына көңіл бөліп өзіміздің аудан туралы әдебиеттерді, баспасөз беттеріндегі материалдарды іздеп тауып, есепке алып насихаттау жұмыстарын жүргізіп отырған. Мұндай жұмыстар жоспарлы түрде халық



шаруашылық мүдделеріне, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне сай жүргізілді. Оқырмандарын туған өлкеге сүйіспеншілік рухында баулуға, өлкенің өткені мен қазіргі өмірін тарихы мен жұмысын білу мақсатында


«Өз өлкеңді білесің бе?», «Туған өлке табиғаты», атты шараларды ұйымдастыра отырып, жас оқырмандарды кітапханаға көптеп тарта білді. 1978 жылы кітапхана жұмысын жүйелеуге байланысты мәдениет бөлімінің қарауында Чапаев орталықтандырылған кітапханалар жүйесі болып ұйымдастырылып, Қарша ауылдық филиалының меңгерушісі **Б.Қайсиева** қызмет атқарды.

1986-1993 жылдары кітапханашы **Г.Құлбаева** жасады, кітапханада оқырмандарға кітап көрмелерін ұйымдастырып, алыстағы малшыларға, шопандарға агитбригада құрылып насихат жұмыстар жүргізіп отырған. Еліміз тәуелсіз алып, Егеменді Қазақстан болып тіл мәселесі көтерілді. Осыған орай кітапханада «Менің елім - Қазақстан», «Мемлекеттік тіл -ел болашағы» атты кітап көрмелері (суретте) ұйымдастырылып, түрлі шаралар жүргізілді.




Қазіргі кезде Тінәлі ауылының кітапханасында 1993 жылдан бастап жоғары білімді маман **Айтжанова Айжан** жұмыс істейді. 2500 кітап қорымен кітапхананы қабылдап алып, жаңаша жұмыс түрлерін қолданып, ауыл тұрғындарына, оқырмандарға түрлі тақырыпта көпшілік шаралар өткізіп, кітап көрмелерін ұйымдастырып шолулар өткізу Айжанның басты міндетіне айналып отыр. Кітапханада ауылдағы мамандарға ақпарат күндер ұйымдастырып, жаңа келген кітаптармен таныстырып отырады. Кітапханашы мектеппен тығыз байланысты жұмыс істейді. Осыған орай оқушылармен бірге ертеңгілектер, әдеби сайыстар ұйымдастырып, балалардың тапқырлығын, кітапқа сүйіспеншілігін зерттеп отырады.

2003 жылдың 3 наурызындағы Мәдениет бөлімінің № 16 бұйрығы негізінде ауыл атаулар өзгеруіне байланысты №2 Қарша ауылдық кітапханасы Тінәлі ауылдық кітапханасы болып өзгертілді.



Ақжол ауыл округіндегі кітапханалардың 1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері



Ақжол ауылдық округіндегі кітапханалардың 2004-2008 жылдар аралығында мерзімді басылым көрсеткіші